

Түзеу колонияларында және түрмеде жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 875, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 953, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 144 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1754. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің, ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 180/582 (V032495) Бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы N 1641 қаулысын іске асыру үшін және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Түзеу колонияларында және түрмеде білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы қоса беріліп отырған ережелер бекітілсін.

2. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары Түзеу колониялары мен түрмеде жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-Министрі Н.Власовқа, Білім және ғылым бірінші вице-Министрі Б.Т.Жұмағұловқа, Әділет бірінші вице-Министрі Т.С.Донаковқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

Ішкі істер Министрі

Білім және ғылым Министрі

Әділет министрі

Қазақстан	Республикасы				
Ішкі істер	министрінің				
2001 жылғы	10 желтоқсандағы	N		875	
Қазақстан	Республикасы				
Білім және	ғылым министрінің				
2001 жылғы	13 желтоқсандағы	N		953	
Қазақстан	Республикасы				

бірлескен бұйрығымен бекітілді

Түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру туралы ереже тиісті үлгідегі барлық білім беру ұйымдары үшін үлгі болып табылады.

2. Ереже Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

3. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептердің құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептер заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоты болады.

5. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептердің негізгі міндеті жасы 30-ға жетпеген сотталғандарға міндетті орта білім беру болып табылады.

6. 30 жастан асқан сотталғандар мен I-II топтағы мүгедектерге орта білім олардың тілегі бойынша беріледі.

7. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеуге сотталғандар орта білім алуға тартылмайды. Оларға өз бетінше білім алуға жазасын өтеу тәртібі мен шартына қайшы келмейтіндей жағдай жасалынады.

2. Жалпы білім беру мектебін ұйымдастыру тәртібі

8. Түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін мектептер құруды мекеме әкімшілігінің өтініші бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің келісімімен аумақтық білім беру органдары жүргізеді.

9. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептер Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің жүйесіне кіреді. Оларға әдістемелік басшылықты облыстық, қалалық (аудандық) білім беру органдары жүзеге асырады.

10. Түзеу мекемелеріндегі мектептердің жалпы білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялауға жатады.

11. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептер өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру саласында білім беру басқармасының тиісті органдарының шешімдерін, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1839 қаулысымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы үлгі ережені, осы Ережені және түзеу мекемелерінің қызметін регламенттейтін тиісті кесімдерді басшылыққа алады.

12. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы жә н е т а р а т ы л у ы м ү м к і н .

13. Түзеу мекемесінің жанындағы мектеп әрбір сыныптың толықтырылуы 20 адам болатын 80-нен кем емес оқушы - сотталғандар болған жағдайда ашылады (ерекше жағдайларда сыныптарды 15 оқушы болғанда ашуға болады).

14. Мектептерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде (қазақша), орысша оқытатын сыныптар құрылады және басқа тілдерде сыныптар құрылуы мүмкін.

3. Түзеу мекемелері мен жалпы білім беретін мектептің өзара қарым-қатынасы

15. Мекеме әкімшілігі:

1) оқыту-тәрбиелік жұмыстарын жүргізуге; мекеме әкімшілігінің, жалпы білім беретін мектептің педагогикалық қызметкерлері мен қосалқы - оқыту қызметшілерінің сотталғандарды оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша мекеменің бөлімшелері мен қызметтері қызметкерлерімен өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етуге жағдай жасайды;

2) мектептің педагогикалық ұжымына мекеменің сотталғандарды оқыту, түзеу мәселелері бойынша қызметін реттейтін құқықтық және әдістемелік құжаттарды оқып-үйренуіне көмек көрсетеді;

3) жалпы білім беретін мектеп қызметкерлері түзеу мекемесінің аумағында болған кезде олардың қауіпсіздігі мен еңбек күзетін қамтамасыз етеді;

4) химиялық реактивтердің, оптикалық құралдардың, радио және фотоаппаратура мен басқа да аспаптардың мекемеден тыс сақталуын қамтамасыз етеді және олардың пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

5) сабақтарға, әртүрлі оқуларға, сынып пен мектептен тыс шараларға қатысады, жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне кеңестер береді және тәрбиелік жұмыстарды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; жалпы білім беру мектептерінің қызметкерлерін бас бостандығынан айырылған адамдарды түзеу жөніндегі жұмыстарға қатысуға тартады;

6) жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастырылатын педагогикалық кеңестердің, конференциялардың, жиналыстардың, сондай-ақ мұғалімдерді аттестациялау жөніндегі комиссияның жұмыстарына қатысады;

7) жалпы білім беретін мектеп қызметкерінің белгіленген тәртіпті бұзған жағдайларда оған мекеме аумағына кіруіне жол бермейді, сонымен қатар білім беру органдарының алдына оны ауыстыру туралы мәселе қояды.

16. Егер жедел-режимдік талаптарға немесе басқа ерекше жағдайларға байланысты болмаса, оқу жылы кезеңінде оқушыларды бір мекемеден екінші мекемеге ауыстыруға жол берілмейді. Әрбір ауыстыру туралы мекеменің арнаулы бөлімі дер уақытында мектеп басшыларын хабардар етеді. Сабақ оқитын күндері оқушылар сабақтан қол үзуге байланысты мерзімінен тыс жұмыстарға тартылмайды.

17. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектеп басшылары мен мұғалімдері:

1) міндетті білім алуға жататын сотталғандарды оқытуға толығынан тартуды қамтамасыз ету, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізеді;

2) сотталғандардың тәрбиелеу жұмыстарына қатысады. Олардың алған білімдерін қоғамға пайдалы еңбек пен жүріс-тұрысында пайдалануына қол жеткізеді;

3) Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібінің ережелерімен белгіленген сотталғандармен қарым-қатынасты қатаң сақтайды.

Сотталғандар арасындағы тәртіпті нығайтуда мекеме әкімшілігіне көмек көрсетеді;

4) оқу-көрнекі құралдарының, жабдықтарының және басқа да мүліктердің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) мекеме қызметкерлерімен педагогика және психология негіздері, тәрбиелеу жұмыстарының әдістемесі бойынша оқу сабақтарын өткізеді.

18. Түзеу мекемелері әкімшілігінің өкілдері кіретін жалпы білім беретін мектептің педагогикалық кеңесі педагогикалық кеңестің міндеттерімен қатар сотталғандарды оқыту және түзеу жөніндегі бірлесіп атқаратын қызмет мәселелерін талқылайды.

4. Сотталған-оқушылар

19. Сотталған-оқушыларды (бұдан әрі - оқушылар) жалпы білім беру мектебіне қабылдау білімі туралы құжаттар негізінде жүргізіледі. Олар болмаған жағдайда жалпы білім беретін мектеп директоры сотталғандар оқитын мектеп қарауына жататын аудандық (қалалық) білім беру бөліміне сұрау салады. Оқушылар жалпы білім беретін мектепке ерекшелік тәртібінде жеке істерінде бар білімі туралы деректер негізінде қабылданады. Қабылдау мекеме бастығының келісімімен жалпы білім беретін мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді. Сыныптарды толықтыру оқу жылы басталғанға дейін аяқталуға тиіс. Мекемеге қыркүйек, қазан айларында келуші сотталғандарды қабылдау жеке істерінде бар деректердің негізінде үкімде көрсетілгеннен бір сынып жоғары, ал кешірек келушілерді үкімде көрсетілген сыныпқа қабылдау жүргізіледі. Сонымен қатар белгіленген тәртіпте білімі туралы құжаттарды алу үшін сұраулар салынады.

20. Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес жұмыстан босатылады.

21. Соңғы емтихан тапсыру кезеңінде оқушылар: он бірінші, он екінші сыныптарда 20 жұмыс күніне дейін; тоғызыншы, оныншы сыныптарда 10 жұмыс күніне дейін жұмыстан босатылады. Көшіру емтихандарын тапсыру үшін оқушылар 8 күнге жұмыстан босатылады.

Емтихан тапсыру уақытында оқушыларға еңбекақы есептелмейді, тамақ тегін беріледі. Бұл кезеңде шығын жасауға рұқсат етілген сома шегінде оқушылар азық-түлік пен алғашқы қажетті заттар сатып алу құқын пайдаланады.

5. Оқу процесі

22. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектептегі оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жасап бекіткен оқу жоспарларымен, бағдарламалармен және басқа да оқу-әдістемелік құжаттармен белгіленеді.

23. Мекемелер жанындағы жалпы білім беретін мектептердегі оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасын құрайды.

24. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектепте оқу жылы 1 қыркүйекте басталады, 2-3 ауысымда жұмыс істейтін мекеменің өндірістік кәсіпорнында оқу сабақтары екі ауысымда ұйымдастырылады және аптасына 5-6 күн өткізіледі. Сабақтардың басталу және аяқталу уақыттары және сабақтардың арасындағы үзілістердің ұзақтығы мекеме бастығымен келісу бойынша жалпы білім беретін мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

25. Айып изоляторына қамалған оқушы сабақтарға жіберілмейді. Жалпы білім беретін мектеп журналында оның дәлелсіз себеппен қатыспағандығы туралы белгі соғылады.

26. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектептің тоғызыншы (оныншы), он бірінші немесе он екінші сыныптарын бітірген сотталғандарға белгіленген үлгідегі құжат беріледі. Бұл құжат, сондай-ақ кезекті сыныпты бітіргендігі туралы табель сотталғандардың жеке істерінде сақталады және мекемеден босатылғанда олардың қолына беріледі.

Сотталғанды басқа түзету мекемесіне ауыстырғанда үлгерімдік және қатысу табелі оның жеке ісіне тіркеледі. Сотталғандардың орта білім алуға ұмтылысы көтермеленеді және олардың түзелу дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі.

6. Тәрбиелеу процесі

27. Жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық ұжымдары түзеу колонияларымен түрме әкімшілігіне тәрбиелеу жұмыстарына көмек көрсетеді. Жалпы білім беретін мектептің педагогикалық ұжымының тәрбиелеу жұмысына жалпы білім беретін мектептің мекеме бастығымен келісілген кешенді жұмыс жоспары негізінде жүргізіледі және мекеме алдында тұрған басты міндет

сотталғандарды түзетуге бағытталады.

28. Мұғалімдер мекеменің қызметкерлерімен өзара тығыз қарым-қатынаста сынып пен жалпы білім беретін мектептен тыс жұмыстар жүргізеді, пәндік үйірмелер, мүдделі клубтар, тақырыптық кештер, оқушы конференцияларын, пікірсайыстарын, әңгіме, лекциялар өткізеді, сотталғандармен жеке тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асырады, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептен тыс жұмыстың басқа түрлерін пайдаланады.

29. Сынып жетекшісі әрбір оқушыға бақылау күнделігін жүргізеді, соның негізінде жыл аяғында жеке іске тігілетін мінездеме жазады, сондай-ақ отряд бастығына дербес-тәрбие жұмыстарын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар мен кеңестер ұсынады.

7. Мектептің басшы, педагог және басқа да қызметкерлері

30. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектептің басшы, педагог қызметкерлерінің және оқыту-тәрбиеші қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен белгіленеді.

31. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектептің басшы, педагог қызметкерлерін, оқыту - тәрбиеші қызметкерлерін тағайындауды (босатуды) мекеме бастығымен келісіп, аумақтық білім беру органы жүргізеді.

32. Жалпы білім беретін мектептің шаруашылық қажеттіліктері үшін қызмет көрсетуші қызметкерлерді түзету мекемесі шаруашылық жұмыстарды орындайтын сотталушылар қатарынан бөледі.

33. Жалпы білім беретін мектеп қызметін басқаруды директор жүзеге асырады. Жалпы білім беретін мектептің директоры мен оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары түзеу мекемесінің әдістемелік кеңесінің құрамына кіреді. Оқытушылар отрядтың тәрбие кеңесінің құрамына кіреді.

8. Қаржыландыру

34. Түзеу мекемесінің жанындағы жалпы білім беру мектебін ұстауды, сондай-ақ басшылардың, педагог қызметкерлердің, оқытушы-тәрбиеші жәрдемші қызметшілердің еңбек ақысын төлеуді жергілікті аумақтық білім беру органы жүргізеді.

35. Мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектепте іс жүргізу, мектеп құжаттары (оқушылардың жеке істерінен басқасы) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.